

Түсушілерге арналған ақпарат

5-6-7 жастағы топ

Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Оқу жүктемесі – аптасына 6 сағат.

Сабақ уақыты: 12.30-дан 14.30-ға дейін, аптасына 2 рет.

Мектепке дейінгі және мектептегі кіші жастағы балалардың бастапқы эстетикалық дамуы. Эстетикалық қабылдау және шығармашылықтың алғашқы дағдыларын қарқынды қалыптастыру үшін балаларға сурет, сәндік-қолданбалы өнер, мүсіндеу пәндері оқытылады.

НЕГІЗГІ ОҚУ КУРСЫ

12-13 жас 1 курс. Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Оқу жүктемесі – аптасына 13 сағат.

Сабақ уақыты: 1 ауысым 8.30-дан 11.35-ке дейін, аптасына 3-4 рет.

Бұл сатыдан бастап оқытудың негізгі кезеңі (4 жылдан құралған) басталады. Бұл кезеңде бала бастапқы көркемдік білім алып, мемлекеттік аттестаттау нәтижесі бойынша қосымша білім беру ұйымын аяқтағаны туралы мемлекеттік үлгідегі куәлікпен табысталады.

Келесі пәндер оқытылады: сурет, кескіндеме, мүсін, білдекті композиция, бейнелеу өнерінің тарихы, компьютерлік графика мен дизайн.

4 жыл бойы оқушылар барлық пәндер бойынша аттестаттаудан сәті өткен жағдайда курстан курсқа көшіріледі. IV курстағы оқыту бітіру емтихандарымен, қорытынды шығармашылық жобаны орындау жұмыстарымен аяқталады.

БКМ-гі оқу жылы 1 қыркүйекте басталады. Оқу жылы төрт тоқсанға бөлінеді. Оқу жылындағы оқу аптасы – 36, олардың 34 аптасына сыныптағы сабақтар және 2 аптасына жазғы оқу-тәжірибелік пленэр сабақтары кіреді.

Демалыс күндері жалпы білім беретін мектептердің демалыс күндерімен сәйкес келеді. Сабақ аптасына 3-4 рет (40 мин. бойынша 4 сабақ, 5 мин. үзіліс) өтеді. Оқушылардың аптадағы жалпы оқу жүктемесі 13 сағат құрайды.

Оқу жұмыстарын емтихандық байқау әр тоқсан соңында және оқу жылының соңында өткізіледі.

**бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының
балалар көркемөнер мектебі» МКҚК
балаларды қабылдау тәртібі**

1. Мектепке түсу құқығына Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан басқа мемлекеттің азаматтары ие.
2. «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары» (№228) мен Балалар көркемөнер мектептеріне арналған Үлгілік оқу жоспарларына (№543) сай, сондай-ақ БКМ Жарғысына сай:
негізгі оқу курсына 12-13 жастағы балалар қабылданады
3. «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына» сай, **балалар көркемөнер мектебіне оқуға түсу үшін әңгімелесу өткізіліп, бейнелеу өнері аясындағы қабілеттердің деңгейін анықтау мақсатымен тәжірибелік жұмыс орындалады.**
4. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай (2020.22.05-і №219) 2022 жылдың 01 наурызындағы №68 өзгертуімен Балалар көркемөнер мектебіне тәжірибелік жұмысты «жақсы», «өте жақсы» орындаған балалар қабылданады.

Келесі құжаттар ұсынылады:

- Өтініш
 - баланың жеке тұлғасын куәландыратын құжат
 - № 027/у формадағы медициналық анықтамасы.
5. «Көкшетау қаласының балалар көркемөнер мектебі» МКҚК жарғысына сай, Балалар көркемөнер мектебіне қабылдау жазғы демалыс кезінде жүргізіледі және топтардың толымдалуына қарай аяқталады.
 6. «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары» (№228) мен Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына (№543) сай, топтағы балалардың сандық құрамы 8-15 адам санын құрайды.«Қанағаттанарлық» бағасын алған балалар резервке жазылып, бос орындар пайда болған жағдайда мектепке оқуға қабылданады. «Қанағаттанарлықсыз» бағасын алған балалар резервке жазылмайды, мектепке қабылданбайды.

Көкшетау қ. Балалар көркемөнер мектебіне оқуға түсушілерге арналады

Оқуға түсушілер бейнелеу өнері аясындағы қабілеттердің деңгейін анықтау мақсатымен **сурет** ретіндегі тәжірибелік жұмысты орындайды.

Тәжірибелік жұмысты орындау үшін өзімен бірге алып келетін заттар:

- 2М, ТМ қарындаштары
- ұштағыш,
- өшіргіш,
- А3 форматты қағаз,
- Қағазды скотч (малярлық) немесе жапсырма шегелер.

СУРЕТ – бейтарап фонда, тұрмыстық заттардың пішіні бойынша 2 оңай натюрморт орындайды. Орындау техникасы – қарындаш.

«**Өте жақсы**» бағасы келесі талаптар орындалған жағдайда қойылады:
Заттар тобын парақ бетіне дәл орналастырған шеберлігі (топтастыру) және пішіннің пропорциялары мен көлемін дұрыс жеткізуі үшін қойылады.

«**Жақсы**» бағасы:

Суретті топтастыру кезінде парақ пішімін жартылай қолданып, керексіз нақтылауды пайдаланғаны үшін қойылады.

«**Қанағаттанарлық**» бағасы:

Заттардың парақ бетінде нашар жинақталуы, пропорциялар қате салынуы, суретте тондық ұсақтау болғаны үшін қойылады.

«**Қанағаттанарлықсыз**» бағасы:

Жұмыс БКМ оқуға түсушілерге қойылған талаптарға сай болмаған жағдайда немесе тәжірибелік жұмысты орындағаннан кейін комиссияға тапсырылмаған жағдайда қойылады.

Бағаны БКМ мұғалімдерінен құралған комиссия қояды.

Қабылдау емтиханында орындалған жұмыстың үлгісі

